

26 қараша  
Сәрсенбі,  
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

# Ойыл

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады

## КӨП АУЫЛДЫҢ ТІЛЕГІ - КӨТЕРМЕ ЖОЛ МЕН КӨПІРДІҢ ЖАЙЫ

ӨТКЕН АПТАДА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ АУДАНЫҢ БЕС АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСІП ШЫҚТЫ. КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛАДАҒЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР МЕН АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАРҒА ЖЕКЕ-ЖЕКЕ ТОҚТАЛЫП, АУДАНЫҢ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДІҢ ӨР САЛАДАҒЫ ӨСІМ ДЕҢГЕЙІМЕН ТАНЫСТЫРЫП ӨТТІ.



Аудан әкімінің әлеуметтік-экономикалық саладағы атқарылған және алдағы жоспарларын тыңдаған ауыл тұрғындары жергілікті жердегі бірқатар өзекті сұрақтарын қойып, ұсыныстарын білдірді. Тұрғындардан негізінен жол мәселесі, қысқы мал азығын даярлау, газ мәселесі, сынды бірқатар мәселелер қойылып, жеке шаруа қожалықтарының ауылдық округтің жайылым-

дық жерлерін тарылуына себеп болуы өтініштер келіп түсті. Сарбие ауылдық округінің тұрғындары негізінен ауданға қатынайтын көтерме жолды жөндеу, қазіргі таңда тозығы жетіп тұрған ауылдағы ауыз су құбырларын жаңарту жайын сұрайды. Аудан басшысы Асқар Қазыбаев ауыл тұрғындарының өтініш-тілектері мен маңызды сұрақтары бойынша арнайы

іс-шаралар жоспарын құрып, қолданыстағы заң талаптары мен қаржылық мүмкіндіктерге байланысты жұмыстар жүргізілетінін айтып, ауылдық округ әкімдері мен тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді. Аудан әкімінің әлеуметтік-экономикалық саладағы атқарылған және алдағы жоспарларын тыңдаған ауыл тұрғындары өзекті сұрақтарын

қойып, ұсыныстарын білдірді. Ауыл тұрғындарының тарапынан орталықпен қатынайтын жол мәселесі, газ мәселесі, мал ауруларының алдын алу шаралары бойынша да өтініштер келіп түсті. Сонымен қатар жұмыс мәселесі және қысқа дайындық жұмыстары талқыланды.

Аудан басшысы Асқар Қазыбаев ауыл тұрғындарының өтініш-тілектері мен маңызды сұрақтары бойынша арнайы іс-шаралар жоспарын құрып, қолданыстағы заң талаптары аясында жұмыстар жүргізілетінін айтып, ауылдық округ әкімдері мен тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді. Өр кездесудің соңында ауыл тұрғындарын жеке сұрақтары бойынша қабылдау өткізілді.

*Р.С. Қазір қай ауылға барсаңыз да, Алдыңнан кездескен адам алдымен Ойылға кіреберістегі көпірдің жайын сұрайды. Бұл әрине ертеңін ойлайтын адамның сөзі. Соңғы жылдарғы көктемгі қатынас «жағдай бақылауда» дегендердің талай «жағасынан алды». Ал, шалғай ауылдағылардың да базынасы сол баяғы - «жолдың жыры». Әйтеуір бізге тап болатын «ұзын арқан, кең тұсаумен» арқаны кеңге салған маңғаз мердігерлердің ісіне көпшіліктің көңілі толмайды. Жаз бойы жолдың бойындағы жүргенінен қаңтарылып тұрғаны көп жол құрылысының техникалары сөзімізге дәлел. Сөзбұйдамен екі жылға созылған сергелдең алдағы көктемде де көпірдің құрылысы аяқталатынына күмән туғыза бастады. Әрине, асығыс жұмыс сапасыз болуы мүмкін. Бірақ, шыдамның да шегі бар!*  
**Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,**  
**Ойыл селосы.**

## КЕЗДЕСУ АРҚАУЫ - МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ ЭТИКА МЕН ДІНИ САУАТТЫЛЫҚ



Өткен аптада Ақтөбе облысы бойынша Әдеп жөніндегі уәкілі Ризагүл Омарова Ойыл ауданының мемлекеттік қызметшілерімен кезекті кездесу өткізіп, мемлекеттік қызметтегі этика мен жауапкершілік жайлы жан-жақты әңгімелесті. Кездесу барысында Ризагүл Мырзағалиқызы Әдеп кодексінде көрсетілген талаптардың маңызын, мемлекеттік қызметшінің қоғам алдындағы міндеті мен жауапкершілігін кеңінен түсіндірді. Ол қызметтегі ғана емес, күнделікті өмірдегі ұстаным, мінез-құлық мәдениеті, әлеуметтік желілердегі этика – барлығы мемлекеттік қызметшінің имиджін қалыптастыратынын атап өтті.

Азаматтармен дұрыс қарым-қатынас жасау, шектеулерді сақтау, әр әрекетке саналы түрде жауап беру

– бүгінгі күннің басты талаптарының бірі екені айтылды. Сонымен қатар кездесуге Ақтөбе облыстық «Ихсан» ақпараттық-талдау орталығының теологы Разақ Тастанбек шақырылып, қазіргі қоғамдағы діни процестер, радикалды ағымдардан сақтану жолдары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мемлекеттік қызметшілерге діни сауаттылықтың маңызын, ақпараттық қауіпсіздік пен адасушылықтың алдын алу бағытында маңызды деректерді жеткізді. Кездесу ашық диалог форматында өтіп, қатысушылар көкейдегі сұрақтарын қойып, пайдалы ақпарат алды. Мұндай іс-шаралар мемлекеттік қызметтің сапасын арттыруға және қоғаммен сенімді байланыс орнатуға өз үлесін қосатыны сөзсіз.

## ГЕНДЕРЛІК ЗОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕЙМІЗ!



2025 жылдың 25 қараша – 10 желтоқсан күндері аралығында еліміз бойынша «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенді іс-әрекет» атты әлеуметтік акция өтеді. Қазіргі күні Қазақстанда отбасы институтының беделін арттыру, нығайту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Бірақ жалпыұлттық іс-шаралар жоспары шеңберінде аз қамтылған, көпбалалы, қиын жағдайға тап болған отбасыларға жәрдемдесетін орталықтардың көптігіне қарамастан, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырағандардың саны да азаймай тұр. Еліміздегі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Отбасындағы жанжалдан басталып зорлық-зомбылыққа ұласатын әрекеттерден зәбір көретіндердің басым бөлігі – әйелдер мен балалар. Қылмыстық статистика бойынша соңғы үш жылда тұрмыстық әлімжеттік көрген әйелдердің көрсеткіші 25 пайыздан асқан. Ішкі істер министрлігі соңғы он жылда отбасындағы зорлық-зомбылыққа қатысты қылмыстық істің күрт көбейгенін мәлімдейді.

Әсіресе, төтенше жағдай кезінде тұрмыстық жанжал көрсеткіші 41,7 пайызға өскен. Отбасы ішіндегі зорлық-зомбылықтан әйелдерден бөлек, балаларға да күш көрсету тыйылмай тұр. Елімізде 14 жасқа дейінгі балалар әрбір екінші отбасыда, не балабақшада зәбір көреді, мектеп оқушыларының үштен екісі қатарластарынан, не болмаса мектеп мұғалімдерінен кемсітуге, не зорлық-зомбылыққа ұшырайтыны анықталған. Негізінен зорлық-зомбылықтың ең көп көрсеткіші балалар үйі мен арнайы интернат мекемелерінде кездесетіні байқалған. Сондықтан, ойылдықтарды әйелдер мен балалардың отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық көруіне қарсы қолға алынған шараларға атсалысып, құқық бұзушылықты жоюға және болдырмауға үлес қосуға шақырамыз!

**М. МҰРАТҚАЛИЕВ,**  
**Ойыл ауданы ПБ Қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің тобының инспекторы, полиция капитаны.**

## ОЙЫЛДЫҢ БҮЛДІРШІНДЕРІ ЕНДІ СТАМБУЛДЫҢ ТӨРІНДЕ ӘН ШЫРҚАЙДЫ!

Қараша айының ортасында еліміздің алты қаласында «ZHULDIZ festival 2025» атты балалар мен жасөспірімдерге арналған көпжанрлы Республикалық шығармашылық байқауы өткен болатын. Аймақтық байқаудың біреуі Ақтөбе қаласындағы Т.Ахтанов атындағы драма театрында өтті. Жалпы бұл байқаудың басты ерекшелігі - Гран при иегерлеріне Түркияның Стамбул қаласында өтетін Қазақстан-Түркия елдерінің бірігіп ұйымдастыруымен өтетін “Sтамбул ART FEST 2026” халықаралық байқауына жолдама беріледі. Аймақтардағы талантты балаларды барынша қолдауды көздейтін байқау негізінен мультижанрлық әуесқой өнердегі балалардың шығармашылық әлеуетін ашып, жобаларын жүзеге асыруды қолдау үшін құрылған көркем сурет, көлемдер, мәнгерлеп оқу, вокал, хореография, театр өнері және аспапта ойнау сияқты бірнеше жанрды қамтитын ауқымды жоба. Осы байқа-



удың Ақтөбе қаласында өткен турына Ойыл аудандық балалар музыка мектебінен “Эстрадалық вокал”, “Академиялық вокал” бөлімдерінен оқушылар қатысып, бақтарын сынады. Нәтижесінде Бұлбұл Шауенованың дайындаған “Эстрадалық вокал” бөлімінің оқушылары (трио) Аделья Алтаева, Нәзік Дарханқызы, Жұлдызай Айбековалар

жұлделі II орынға ие болса, (квартет) Сабина Аймұханова, Жұлдызай Жәнібек, Медина Ерғали, Айкөркем Амангелдиевалар жұлделі I орынға ие болды. Сондай-ақ, Манаргүл Беркінқызының жеткешілігімен дайындалған “Академиялық вокал” класының оқушылары Нұрәли Дәулетқалиев, Көптілеу Әділбаев, Сағидолла Ерсайындар трио жанрын-

да жұлделі II орын алса, жұптасып ән шырқаған Мерейім Абзалова мен Айару Болат жұлделі III орынға ие болса, Айжұлдыз Маденбаева да жұлделі II орынға ие болды. Ал Манар Беркінқызының дайындаған Дана Саматқызы, Көзайым Аққайыр, Ақкербез Құралқызы мен Бұлбұл Боранбайқызы жетекшілік ететін Айдархан Темірланұлы жеке дауыста ән шырқап, байқаудың Гран приін жеңіп алды. Сонымен қатарбайқаудың басты мақсаты - Стамбул қаласында Қазақстан-Түркия елдерінің бірігіп ұйымдастыруымен өтетін “Sтамбул ART FEST 2026” халықаралық байқауына жолдамаға ие болды. Айта кететін жайт, Әзербайжан елі, Баку қаласында өткен халықаралық өнер байқауында Манаргүл Беркінқызы Көзайым Аққайыр және Дана Саматқызы оқушыларымен барып, жұлдызды додада ауданымыздың намысын қорғап 3 орынды қанжығаға байлап келген болатын.

**С.ХАМЗИН,**  
**Ойыл селосы.**

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚ: ҚАЗАҚСТАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚАЛАЙ ЖАҢҒЫРТПАҚ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында ауыл шаруашылығын жүйелі жаңғыртуды және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұлттық басымдық ретінде айқындады. Президенттің «нарықтағы қазіргі жағдайды айтудың өзі ұят» деген сыны агросаланы түбегейлі реформалау қажеттігін анық көрсетті. Kazinform-ның аналитикалық шолушысы саланың даму бағытын, министрліктің нақты шараларын және сарапшылар көзқарасын саралап көрді.

Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігі мен агроөнеркәсіп кешенін дамыту — елдің стратегиялық басымдығы. Әлемдік нарықтағы баға тұрақсыздығы, климаттың өзгеруі және логистикалық қиындықтар жағдайында Қазақстанның өз өнімдерімен толық қамтамасыз етілуі аса маңызды. Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы әлеуеті толық пайдаланылмай отырғанына тоқталып, саладағы жүйелі өзгерістер қажеттігін айтты.

Қазір Үкімет агроөнеркәсіп кешенін жаңа даму кезеңіне шығару үшін нақты қадамдар жасап жатыр. Жолдауды тапсырмалар нарық талаптарына сай кешенді даму стратегиясының негізін құрайды. Негізгі бағыт — елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығын жаңа сапалық деңгейге көтеру және өндіріс тізбегіндегі тиімділікті арттыру.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметіне қарағанда, сала 2021–2030 жылдарға арналған даму жоспарламасы аясында жаңғыртудың жаңа кезеңіне өтті. Стратегиялық құжатта сала ахуалы жан-жақты сараланып, халықаралық тәжірибе мен әлемдік үрдістер ескерілген.

Сонымен қатар, 2027 жылға дейінгі даму жоспары қабылданды. Қазір 2026–2030 жылдарға арналған кезеңдік жоспар әзірленуде. Бұл құжатта өнімдерді қайта өңдеу, экспорттық әлеуетті арттыру және ресурстарды тиімді пайдалану басты басымдық ретінде қарастырылған.

Президенттің «прогрессивті агроэкономикаға көшу» тапсырмасы аясында АШМ өңірлік агрохабтар мен заманауи логистикалық орталықтар құруға, өнімдерді терең өңдеу жобаларын кеңейтуге басымдық беріп отыр. Мал шаруашылығын дамыту үшін кешенді Жол картасы жасалып, онда жеңілдетілген несие беру жүйесін жетілдіру, жемшөп өндірісін ұлғайту және аграрлық кадрларды даярлау сапасын арттыру сияқты бағыттар қамтылған.

Осылайша, Қазақстан агроөнеркәсіп саласын жаңа кезеңге шығару бойынша нақты іс-қимылдарды көрсетіп, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен агроэкономиканы заманауи деңгейге көтеру жолындағы стратегиялық қадамдарын айқындап отыр. Мал және сүт шаруашылығындағы жаңа серпін

Соңғы жылдары мал шаруашылығында айтарлықтай оң динамика байқалады. Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми деректері бойынша, 2024 жылы сиыр етінің өндірісі 430 мың тоннаға жетіп, алдыңғы жылмен салыстырғанда 7,5 пайызға өскен. Бұл көрсеткіш ішкі нарықтың сұранысын толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мал санын көбейту мақсатында аустралиялық тәжірибеге негізделген ет кластерлерін енгізіліп жатыр. Жаңа тәсіл шағын шаруашылықтарды ортақ өндіріс тізбегіне біріктіріп, бордақылау алаңдарының тиімділігін арттыруға жол ашады. Сонымен бірге, 2025 жылғы 1 тамыздан бастап



бордақылау алаңдарына мал сатып алу үшін 5 пайыздық жеңілдетілген несие беріледі. Бұл бағытқа 50 миллиард теңге бөлінген.

Сүт өндірісі де жаңа серпінге ие болып отыр. 2023 жылдан бері Солтүстік Қазақстан облысы үлгісі бойынша сүт-тауарлы фермаларды салу және кеңейту жобасы іске асырылып жатыр. Бағдарлама 2,5 пайыздық жеңілдетілген несие арқылы қаржыландырылады. Жалпы қуаты 600 мың тоннадан асатын 115 ферма салу жоспарланған. Қазіргі таңда оның 50-і пайдаланылып отыр, жыл соңына дейін тағы 28 нысан іске қосылады. Осылайша, 2029 жылға қарай еліміздің ішкі сүт нарығы толықтай отандық өніммен қамтамасыз етіледі.

Баға тұрақтылығы мен азық-түлік қауіпсіздігі

Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректеріне сүйенсек, ішкі нарықтағы баға өсімі азық-түлік тапшылығымен емес, логистика мен сауда тізбегіндегі жанама факторлармен байланысты. Қазіргі таңда ет пен сүт өнімдері халықтың сұранысын толық өтеп отыр. Бағаның негізсіз көтерілуін болдырмау мақсатында өңірлерде тұрақтандыру қорлары жұмыс істейді.

Бұл бағыттағы баға саясатын үйлестіру Сауда және интеграция министрлігінің құзыретінде болса, Ауыл шаруашылығы министрлігі өз кезегінде өндіріс көлемін арттыру және нарықты жеткілікті көлемде қамту міндетін атқарып отыр.

Өңдеу өнеркәсібі және импортты алмастыру

Саланы әртараптандыру мен қосылған құнды арттыру — ауыл шаруашылығы саясатының басты бағыты. Министрлік мәліметіне сәйкес, қайта өңдеу кәсіпорындарының жүктемесін көбейтіп, импортқа тәуелділікті азайту үшін бірнеше экономикалық ынталандыру тетігі енгізілген.

Атап айтқанда, терең өңдеу кәсіпорындарына шикізат сатып алу шығындарын субсидиялау, жаңа зауыттар салу мен қолданыстағыларын жаңғырту шығындарының 25 пайызын өтеу, негізгі құралдарды несиелеу кезінде пайыздық мөлшерлемені субсидиялау және қайта өңдеу мен тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарына қосылған құн салығының 70 пайызына дейін жеңілдік беру көзделген.

Бұл шаралар елдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайту қана қоймай, отандық өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Экспорт және сыртқы нарықтарға шығу

Қазақстандық агроөнімдер бүгінде шетел нарықтарында

да танымал бола бастады. Ведомство деректері бойынша, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық бағытын кеңейту мақсатында Сауда және интеграция министрлігі жанынан отандық өндірушілерді қолдаудың толыққанды экзюйесі қалыптастырылған.

KazakhExport компаниясы экспорттық операцияларға көпілдік беріп, тәуекелдерді сақтандыру қызметін көрсетсе, QazTrade орталығы отандық кәсіпорындарға халықаралық көрмелер мен сауда миссияларына қатысу, оқыту және логистикалық шығындарды өтеу тұрғысынан қолдау көрсетеді.

Бүгінде қазақстандық сүт өнімдері Орталық Азия мен ЕАЭО елдеріне, сондай-ақ Әзербайжан және Корея нарықтарына экспортталып отыр. Бұл — отандық өнімнің сапасы мен халықаралық стандарттарға сай келетінін айғақтайтын нақты көрсеткіш.

«Субсидия мен жеңілдетілген несие нәтиже бермей отыр»

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Кәкімжан Сарханов агросаладағы басты түйткілдерді нақтылап, саланы дамытудағы негізгі басымдықтарды атады. Сарапшының пікірінше, ең маңызды бағыт — шаруашылық жүргізу жүйесін жаңғырту.

— Біріншіден, шағын шаруашылықтарды ресми кәсіпкерлікке айналдыру қажет. Жеке қосалқы шаруашылықтарды біріктіріп, кооперативтер құру да маңызды. Шалғай ауылдарда іріленген шаруашылықтарды мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы дамыту керек. Бұл бағыт «шалғай жайылымдық мал шаруашылығын дамыту» басамасымен үндеседі және ауылдық жерлерде әлеуметтік әрі өндірістік инфрақұрылымды қалыптастыруға мүмкіндік береді, — дейді сарапшы.

Ғалымның айтуынша, субсидия мен жеңілдетілген несие көбіне нақты нәтиже бермейді, ал кооперативтер қағаз жүзінде ғана жұмыс істейді.

— Қолдау тек ақша түрінде емес, нақты іс-шаралар арқылы берілуі тиіс. Мысалы, агротехникалық және инновациялық өнімдермен қамтамасыз еткен абзал. Кооперативтерді құру кезінде мемлекет олардың қаржылық негізін өз мойнына алып, ұзақ мерзімді несие немесе инвестиция түрінде қолдау көрсетуі керек, — деп түсіндірді сарапшы.

Ол азық-түлік қауіпсіздігін елдің қорғанысымен тең дәрежеде қарастыру керегін атап өтті.

— Шағын және орта шаруашылықтардың тұрақтылығы мен жауапкершілігіне ерекше көңіл бөлу қажет. Егер қол-

дау мақсатсыз жалғасса, өз өнімімізден гөрі сырттан сатып алу тиімді болып кетуі мүмкін. Қазақстанның табиғи ресурстары мен аграрлық әлеуеті зор, оны тиімді бағыттап, нақты нәтиже беретін механизмге айналдыру қажет, — деді К. Сарханов.

«Басты кедергі — теңізге жол жоқ»

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Агроөнеркәсіп кешені және тағам өнеркәсібі департаментінің директоры Еркен Наурызбеков ауыл шаруашылығы өнімдерін халықаралық нарыққа жеткізуде басты кедергі Қазақстанның географиялық ерекшелігі, яғни теңізге тікелей шығу жолының жоқтығы деп санайды.

— Сондықтан экспорттауға тиімді өнімдерді, әсіресе қызыл ет пен құс еті секілді қосылған құны жоғары мал өнімдерін өндіру басты басымдыққа айналуы тиіс, — дейді сарапшы.

Ол ең алдымен ішкі ресурстарды тиімді пайдалану және халықаралық нарықта сұранысы жоғары өнімдерге басымдық беру қажет деген пікірде. Бұл, әсіресе, Қытай, Иран, Парсы шығанағы елдері мен Орталық Азияда сұранысқа ие қызыл ет пен сиыр етін қамтиды. Қой етіне де сұраныс жоғары.

Экспортты дамыту үшін мемлекет, бизнес және қоғам мүдесін тең ұстау маңызды. Жай өндірісті ұлғайту жеткіліксіз. Оған кешенді қолдау, яғни субсидия, лизинг, сақтандыру, логистикалық инфрақұрылым және авиаэкспортты дамыту қажет.

— Қазір фермерлер халықаралық нарыққа шығуға арналған KazTrade немесе KazakhExport сияқты мемлекеттік қолдау құралдарын пайдалана алады. Дегенмен, олардың қаржыландыруы жеткіліксіз. Мысалы, KazTrade арқылы бөлінетін 8 млрд теңге көлеміндегі көмек экспорттық тасымал шығындарын толық жабуға да жетпейді. Сондықтан экспорттаушылар толық қолдауға ие болуы керек, — дейді Еркен Наурызбеков.

Ұлттық бренд керек

Сарапшының пікірінше, қазақстандық өнім халықаралық нарықта танымал болуы үшін ұлттық бренд қалыптастыру қажет.

— «KazMeat» сияқты бірегей «зонттық бренд» арқылы органикалық және экологиялық таза өнімдер ұсынылса, тұтынушылар сенімін арттыруға болады, — деді ол.

Логистика мәселесіне тоқтала отырып, сарапшы нақты шешімдерді ұсынды: теміржол тарифтерін тұрақтандыру, Транскаспий бағытын дамыту, авиаэкспорт инфрақұрылымын жетілдіру және ұлттық

авиатасымалдаушы құру арқылы өнімдерді тез әрі сапалы жеткізу мүмкіндігі артады.

— Өткен жылдан бері бидай экспортына арналған субсидиялар жақсы нәтиже берді. Экспорт географиясы 12 жаңа елге кеңейді. Бұл біздің өнімнің сұранысқа ие екенін және дұрыс саясат жүргізіп отырғанымызды көрсетеді, — деді Е. Наурызбеков.

Дегенмен, ол экспортқа уақытша шектеу енгізу тәжірибесіне сақтықпен қарау керегін айтты.

— Ірі қара мен ұсақ малды тірідей экспорттауға шектеу қойылды. Бұл ішкі нарықтағы бағаны тұрақтандыру үшін жасалып отыр. Бірақ келісілген экспорттық шарттар орындалмаса, Қазақстанның сенімді жеткізуші ретіндегі имиджіне нұқсан келуі мүмкін. Сондықтан экспортқа шектеу енгізудің орнына бағаны тежеудің басқа да механизмдерін қолданған жөн, — дейді ол.

Еркен Наурызбековтің пікірінше, агроэкспортты тұрақты дамыту үшін үкімет жоспарлы, алдын ала болжамды саясат жүргізуі тиіс. Қысқа мерзімді реакциялар мен тыйымдардың орнына ұзақ мерзімді ынталандыру және сақтандыру құралдары жүйелі қолдау тетігіне айналуы қажет.

Фермер өнім өндіруші ғана емес, нарықтың толық қатысушысы болуы тиіс

Мәжіліс депутаты, «Ауыл» партиясы фракциясының жетекшісі, Аграрлық мәселелер комитетінің төрағасы Серік Егізбаевтың пікірінше, жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды ауыл шаруашылығында кеңінен қолдану — өндіріс тиімділігін арттырудың негізгі жолы.

— Мемлекет басшысының қолдауымен ауыл шаруашылығына бұрын-соңды болмаған ауқымда қаражат бөлініп отыр: 1 триллион теңге қарастырылды. Дегенмен, бұл қолдаудың тиімділігін арттыруға жүйелі мониторинг пен нақты нәтижелерге бағдарланған шаралар қажет, — деді Серік Егізбаев.

Депутат ең маңызды басымдықтар ретінде бірнеше бағытты атады:

Кооперация мен фермерлік бірлестіктерді қолдау. Шағын шаруашылықтар бәсекеге төтеп бере алмайды, сондықтан бірлестіктердің әлеуетін арттыру, қаржылық және институционалдық қолдау көрсету қажет. Өңдеу және қосылған құн тізбегін арттыру. Шикізатты экспорттаудан дайын өнім өндіруге көшу — ауылдық жерлерде қайта өңдеу саласын дамытуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

Жер және су ресурстарын тиімді пайдалану. Су тапшылығы мен топырақтың тозуы — сала үшін басты тегежіш. Сандық есептеу жүйелерін енгізу, тамшылатып суару технологияларын дамыту маңызды.

Ғылым, инновация және цифрландыру. Университеттер мен ғылыми орталықтар агрошаруашылықтармен тығыз байланыста жұмыс істеп, заманауи селекция мен цифрлық егіншілік құралдарын енгізуі қажет.

Логистика мен нарыққа қолжетімділік. Өнім өндірушіден тұтынушыға дейінгі тікелей жол баға тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бұл тасымалдау, сақтау және маркетинг инфрақұрылымымен қатар дамуы керек.

Серік Егізбаев мал шаруашылығын дамыту мен жеңілдетілген кредиттердің фермерлерге нақты пайдасын да атап өтті:

— Жеңілдетілген несиелер айналым қаражатын қамтамасыз етеді, маусымдық шығындарды жабуға, жемшөп, ветеринарлық қызмет пен азық-түлікке қаржы бөлуге мүмкіндік береді. Бұл өндірістік тұрақтылықты қамтамасыз етіп, асыл тұқымды мал сатып алу мен ветеринарлық қызмет сапасын арттыру арқылы экспорттық әлеуетті күшейтеді.

Инфрақұрылымды жаңғырту бордақылау алаңдары мен жем-шөп базаларының техникалық жағдайын жақсартып, ауылдық жерлерде жұмыс орындарын көбейтеді, әлеуметтік тұрақтылыққа септігін тигізеді, — деп атап өтті ол.

Сарапшы фермерлер мен ауылдық қауымдастықтарды ішкі нарықтағы кедергілерден қорғау жолдарын да атап өтті.

— Өнім өткізу қынығын төмендігі, сақтау мен тасымалдау инфрақұрылымының жеткіліксіздігі, дөлдалдардың көп болуы — басты қиындықтар. Бұларды шешу үшін ұзақ мерзімді келісімшарттар, онлайн платформалар, нақты уақыттағы нарық ақпаратын жеткізу, сақтау мен өңдеу желілерін дамыту және мемлекеттік субсидияларды сапа мен экспортқа бағдарлау қажет. Азық-түлік қауіпсіздігі — тек өндіріс көлемін арттыру емес, оның сапасы мен тұрақтылығы, нарықтағы орнықты жүйесі маңызды. Мемлекеттік қолдау, жеңілдетілген несие мен бағдарламалар — жақсы бастама, бірақ оларды нақты нәтижеге айналдыру үшін жүйелі реформалар мен жауапкершілікті күшейту керек. Фермерлер тек өнім өндіруші емес, нарықтың толық қатысушылары болуы тиіс, — деп түйіндеді Серік Егізбаев.

Қазақстанның ауыл шаруашылығын дамыту — тек қаржылай қолдауға сүйеніп шешілетін мәселе емес. Шынайы өрлеу үшін ғылым мен инновацияны енгізу, фермерлік бірлестіктерді нығайту, цифрландыру мен заманауи логистиканы жетілдіру — басты міндет. Шағын және орта шаруашылықтардың тұрақтылығы, өнім сапасы мен нарыққа қолжетімділік — елдің азық-түлік қауіпсіздігінің негізі. Экспорттық әлеуетті арттыру үшін ұлттық брендтерді қалыптастырып, өнімді халықаралық стандартқа сай ұсыну маңызды. Ұзақ мерзімді жоспарлау, сақтандыру механизмдері және жүйелі ынталандыру шаралары агроэкспортты тұрақты дамытуға жол ашады. Сарапшылар атап өткендей, Қазақстанның ауыл шаруашылығы әлеуетін тиімді пайдалану — ел экономикасының дамуы мен халықтың өмір сапасын көтерудің негізгі келімі.

Жаратқан Алла Тағалаға сансыз мадақ, ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаға көптеген салауат пен сәлем жолдаймыз.

Өмір – сынаққа толы сапар. Ол адамды не мәңгілік қуанышқа, не қайғы мен өкінішке бастайды. Бұл қысқа ғұмырдың мәні – ақыретке азық жинап, Жаратқанның разылығына ұмтылу. Кімде-кім өмірдің өткінші, ал мәңгілік өмірдің шынайы екенін ұғып, әр сәтін ізгілікпен өткізсе – нағыз бақыт иесі. Ал уақыттың қадірін білмей, дүние қызығына алданып, рухани бейқамдыққа бой алдырған жан – өмірдің ең қымбат сыйынан, мәңгілік бақыттан құр қалады. Сондықтан өмірді Алланың берген үлкен сыйы әрі мүмкіншілігі ретінде бағалауымыз керек. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Раббыларыңның көшіріміне, кеңдігі жер мен көктей болған тақуалар үшін өзірленген жәннатқа ұмтылыңдар», – деген («Әли-Имран» сүресі, 133-аят).

Әр күннің, әрбір мезеттің құнын түсінген адам, өз жан-дүниесін, жүрегін жақсы амалға, ізгілікке толтырады. Адам өмірінің мәні – Алланың хикметін сезіп, әр сәттің артында тұрған терең мағынаны ұғына білуде. Өмір – өткінші, ал дүние қызықтары уақытша ғана. Уақыттың қадірін білмей өткізілген әрбір күн – қайтып оралмас мүмкіндік. Сол себепті адам баласы өз өмірін бос әуремен емес, ізгілік пен мәнге толы амалмен өткізуге тырысуы қажет. Шынайы діндарлық – тек сөзбен емес, іспен көрінетін қасиет. Ол көп сөйлеп, өзгені сынауда емес, жамандықтан тыйылып, жақсылыққа ұмтылуда. Нағыз мұсылман – өзгеге зиян тигізбейтін, керісінше айналасына мейірім мен тыныштық сыйлайтын жан. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «Нағыз мұсылман – өзгеге қолымен де, тілімен де зиян тигізбеген адам», – деген.Бұл хадис шынайы діндарлықтың өлшемін айқын көрсетеді. Иманның күші – сөзде емес, амал мен мінезде.

Егер адам бойындағы ашу, күншілдік, өркөкіректік сияқты жаман қасиеттерден арылып, сабыр мен кешірімге бет бұрса – ол нағыз діндарлықтың дәмін татады.АллаТағала қасиетті Құранда былай дейді: «Жақсылық пен жамандық тең емес.

Жамандықты ең көркем түрде қайтар. Сонда сенің дұшпаның – жаныңдай жақын досқа айналады».(«Фуссилат» сүресі, 34-аят). Міне, бұл – шынайы иманның жемісі.Өмірдің әр сәтін ізгі амалмен безендіріп, Алланың разылығына ұмтылу – адам баласының ең асыл мұраты. Өйткені нағыз діндар адам – жақсылықтың бастауы, жамандықтан тыйылудың үлгісі. Имам Әбу әл-Фараж Абдурахман ибн әл-Жаузи (Алла оны рақымына алсын) өзінің «Хифзу әл-умр» атты еңбегінде: «Мына өмірді жәннаттағы мәңгілік бақытқа апаратын қысқа ғана мүмкіндік екенін білген адам, оны ешқашан босқа өткізбейді», – деген. Ғалымдарымыз: «Сенің басты қазынаң – өмір, оны қажетсіз істерге жұмсаудан сақ бол», – деп айтқан. Өмір – бізге уақытша берілген ұлы аманат. Оның басталуы да, аяқталуы да Алланың қалауында. Пенде кез келген сәтте Раббысына қайтуы мүмкін. Осыны сезіну адамды өміріне жа-



уапкершілікпен қарап, әрбір сәтін бағалауға жетелейді. Өмір – ақыреттің егіс алқабы. Бұл дүниеде еккенімізді ертең мәңгілік өмірде орамыз. Сондықтан өмірдің мәнін түсінген жан әр күнін бос өткізбей, жақсылық жасауға, жүрегін тазартып, рухани байлыққа ұмтылуға талпынады. Шынайы діндарлық – көп амал жасап, көп сөйлеу емес. Ол – жамандықтан тыйылу, нәпсіні ауыздықтау және ізгілікке бет бұру.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің хадис шәрифінде:«Бұл дүниеде сен бөтен адамдай немесе жолаушы секілді бол», – деген (имам Бұхари). Бірінші: шынайы діндарлық–ізгі істермен шұғылдану Адам баласының бұл дүниедегі ең ұлы мақсаты – Алланың разылығына ие болып, мәңгілік бақытқа жету. Ал бұл бақытқа жетудің жолы – ізгі амалдар мен таза ниетте. Өйткені дүние – өткінші, ал ақырет – мәңгілік. Бұл өмірде не ексең, ертең соның жемісін көресің. Шынайы діндарлық – сыртқы кейіппен, көп сөзбен немесе құр рәсіммен өлшенбейді. Ол – жүректегі ықылас пен амалдағы тазалық. Алланың разылығы – өз нәпсісін жеңіп, жамандықтан тыйылған жанға беріледі.Құран Кәрімде Алла Тағала: «Кімде-кім тозақтан аулақ әкеліліп, жұмаққа кірсе, зор жетістікке һәм мақсат-мұратына жеткен», – деген («Әли Имран», 185-аят). Нағыз діндар адам – өзгеге зиян тигізбейтін, керісінше, айналасына жақсылық пен мейірім нұрын төгетін адам. Сондықтан шынайы діндарлық – көп сөзден гөрі жамандықтан тыйылып, жақсы амал жасау, өзіне де, өзгеге де пайда тигізу. Өмір – сынақ, ал шынайы діндарлық – сол сынақта сабыр мен ізгілік танытып, Алланың разылығына ұмтылу. Мұсылман адамның басты сипаттарының бірі – қоғамға пайдалы болу. Асыл дінімізде Алланың ризалығын көз деп, өзгелерге жәрдемдесу, адамдардың қажеттілігін өтеу үлкен құлшылық деп саналады. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «Адамдардың жақсысы (өзге) адамдарға көбірек пайда тигізгендері», – деп айтқан (имам Табарани). Ендеше, мұсылман адам Жаратушысының алдындағы намаз, ораза сынды парыз құлшылықтарды орындауымен қатар, шамасы келгенінше өзгелерге жәрдемдесу, жанашыр болу, қоғамға пайдалы іс жасау және т.б. істерді ұмыт қалдырмауы қажет. Қасиетті Құранда Алла Тағала: «Кімде-кім ізгі амал жасаса, өз пайдасына, сондай-ақ кім жамандық жасаса, өз зиянына. Раббың құлдарына әсте зұлымдық жасамайды», – деген («Фуссилат сүресі», 46-

аят). Сондықтан адам баласы әр күнін пайдалы, сауапты амалдармен толтыруы керек. Ал Алла Тағалаға ең сүйікті іс ол – аз да болса үзілмей, әрдайым жалғасын тауып тұратын амал. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Аллаға ең ұнамды іс-амалдар – аз болса да үздіксіз (тұрақты түрде) жалғасатыны», – деген (имам Бұхари).

Имам ән-Науәуи (Алла оны рақымына алсын) осы хадиске түсініктеме бере отырып, былай дейді: «Бұл хадис амалдарда тұрақты болуға шақырады, сонымен қатар бұл жерде кішігірім тұрақты іс, үлкен, бірақ тұрақты емес істен гөрі абзал екені айтылады. Үнемі жасалынатын кішігірім амал, үлкен әрі тұрақсыз амалға қарағанда әлдеқайда көп пайда әкеледі». Діндарлықтың шынайылығы көп жасаған амалдың көлемімен емес, оны ықыласпен және тұрақтылықпен орындауда. Демек, әр түні оқылған екі рәқағат нәпіл намаз – бір рет көп оқылған нәпіл намаздан әлдеқайда қадірлі. Сол сияқты бір мезетте берілген үлкен садақадан гөрі, аз да болса, үзбей беріліп тұратын садақа Алла алдында артық саналады.

Бұл – шынайы діндарлықтың мәнін айқындайтын ұстаным. Алла Тағала пендесінің мол амалын емес, таза ниетін және амалындағы тұрақтылығын жақсы көреді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «Алла Тағалаға ең ұнамды амалдар – аз болса да үздіксіз (тұрақты түрде) жалғасатыны», – деген (имам Бұхари). Нағыз діндар адам – өз ісінде тұрақтылық пен сабырлық танытқан жан.

Ол көпшілікке көрсету үшін емес, Жаратқанның разылығы үшін амал жасайды. Осындай тұрақты ізгілік пен жамандықтан тыйылу – шынайы иманның көрінісі. Сондықтан мұсылман адам ер ісінде шынайылық пен тұрақтылыққа ұмтылып, аз да болса, үздіксіз жасалған жақсылықтың қадірін түсінуі қажет. Өйткені дәл осындай амалдар ғана жүректі тазартып, Алланың сүйікті құлына айналдырады. Екінші: шынайы діндарлық – нәпсіні тәрбиелеу Ислам діні адамның ішкі және сыртқы дүниесін бірдей тәрбиелеуге шақырады. Ал шынайы діндарлықтың ең биік көрінісі – адам бойындағы ең үлкен сынақ. Ол адамды жақсылық пен жамандықтың арасындағы таңдауға жетелейді. Егер адам нәпсісін тізгіндей алса – ол рухани жеңіске жетеді, ал нәпсісіне ерік берсе – ол өзіне зұлымдық жасайды.

Құран Кәрімде Алла Тағала былай дейді: «Кім нәпсісін жамандық жасаса, өз зиянына. Раббың құлдарына әсте зұлымдық жасамайды», – деген («Фуссилат сүресі», 46-аят). Жаратқан Алла Тағалаға сансыз мадақ, ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаға көптеген салауат пен сәлем жолдаймыз. Өмір – сынаққа толы сапар. Ол адамды не мәңгілік қуанышқа, не қайғы мен өкінішке бастайды. Бұл қысқа ғұмырдың мәні – ақыретке азық жинап, Жаратқанның разылығына ұмтылу. Кімде-кім өмірдің өткінші, ал мәңгілік өмірдің шынайы екенін ұғып, әр сәтін ізгілікпен өткізсе – нағыз бақыт иесі. Ал уақыттың қадірін білмей, дүние қызығына алданып, рухани бейқамдыққа бой алдырған жан – өмірдің ең қымбат сыйынан, мәңгілік бақыттан құр қалады. Сондықтан өмірді Алланың берген үлкен сыйы әрі мүмкіншілігі ретінде бағалауымыз керек. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Раббыларыңның көшіріміне, кеңдігі жер мен көктей болған тақуалар үшін өзірленген жәннатқа ұмтылыңдар», – деген («Әли-Имран» сүресі, 133-аят).

пағына) батырып бүлдіргендер адыра қалады» («Шамс» сүресі, 9–10 аяттар). Шынайы діндар адам – өз нәпсісін тәрбиелей білген адам. Ол ашуын сабырмен, төқаппарлығын кішіпейілділікпен, дүниеқоңыздығын қанағатпен жеңеді. Сүйікті Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ең үлкен соғыстың бірі – Табук жорығынан қайтып келе жатып ардақты сахабаларына: «Кіші жиһадтан (жорықтан) үлкен жиһадқа (нәпсімен күресуге) оралдық», – деген.Яғни нәпсімен күрес – әрбір мұсылманның өмір бойғы міндеті.Өйткені нәпсіні жеңбей, шынайы діндарлыққа қол жеткізу мүмкін емес. Нағыз діндарлық – көп амал жасауда емес, жамандықтан тыйылып, нәпсіні жеңуде.Бұл – рухани кемелдіктің белгісі. Кім өз нәпсісін тәрбиелесе, ол өз жүрегін тазартқан болады.Ал жүрегі таза адам – Аллаға жақын, адамдарға мейірімді болады.Сондықтан әрбір мұсылманның мақсаты – нәпсісін тәрбиелеу арқылы шынайы діндарлыққа жету. Өйткені нәпсісін жеңген адам ғана Алланың разылығына бөленіп, ақыретте мәңгілік бақытқа қауышады. Хасан әл-Басри (Алла оны рақымына алсын): «Жиһадтың ең абзалы – нәпсімен күресу»; «Жүгендеуге мұқтаж болған нәпсіңнен артық асау жоқ», – деген екен.

Халқымызда «Мықтымын деп мақтанба ақыл білсең, мықты болсаң алдымен нәпсіңді жең», – деп айтуы тегін емес. Өйткені нәпсімен күресу үшін адамның бойында үлкен ерік пен жігер керек. Шәкәрім бабамыздың:

Адамның сыртқы дене жаратылысы, Нәпсісі – айуанмен анық теңдес.

Бөлектігі – жалғыз-ақ таза ақылда, Әлің келсе, жол тап та осыны емдес! – деп айтқанындай, нәпсіні емдеудің, онымен күресудің өзіндік жолдары бар. Мұсылман адам ішкі қалауы әлдебір ой салғанда, сол істің дұрыс-бұрыстығын саралап барып істеуі қажет.

Өйтпесе, нәпсісінің қалауын орындай беру адамды орға жығары сөсіз. Яхия ибн Муиз әр-Рази (Алла оны рақымына алсын): «Адамның жаулары үшеу. Олар: дүние, шайтан және нәпсі. Дүниеден зүһд (баз кешу) арқылы сақтан, шайтаннан оның азғырғанына қайшы іс жасау арқылы сақтан, ал нәпсіден шаһуатының төрк ету арқылы сақтан», – деген. Нәпсісін тыйған жанның қияметте орны жәннат екендігі Құранда былайша баяндалады:

«Ал енді кім Раббысының құзырында тұрудан қорқып, нәпсісін жаман қаулауларынан тыйған болса, негізінде оның баратын жері жәннат», –деп айтылған («Назигат» сүресі, 40-41 аяттар).

Қорыта айтқанда, шынайы діндарлық – сыртқы салтта емес, жүректегі тақуалықта. Ол – нәпсіні тәрбиелеу, жамандықтан тыйылу және Алла разылығы үшін өмір сүру. Өмір – сынақ, ал уақыт – аманат. Ендеше, әрбір мұсылман өз өмірін ізгі амалдармен безендіріп, нәпсісін жеңуге, жамандықтан тыйылуға және Раббысының разылығына ұмтылуы тиіс.

**Бақжарық қажы ҚЫЗЫРҰЛЫ,**  
**Ойыл аудандық мешіттің бас имамы.**

## EGOV.KZ-ТЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР ҚАҰІПСІЗДІК КЕПІЛІ

«ҰЛТТЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» АҚ («ҰАТ» АҚ) ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ ПОРТАЛЫ EGOV.KZ ПЕН ОНЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІНДЕ (EOTINISH СЕРВИСІ, SMART BRIDGE ПЛАТФОРМАСЫ, «АШЫҚ ҮКІМЕТ» ПОРТАЛЫ) ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА ЖАҢА АВТОРИЗАЦИЯ ӨДІСІ ЕНГІЗІЛГЕНІН ХАБАРЛАЙДЫ.



**ЕНДІ ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА БІРНЕШЕ АУТЕНТИФИКАЦИЯ НҰСҚАСЫ ҚОЛЖЕТІМДІ:**

- eGov QR – eGov Mobile мобильді қосымшасында QR кодты сканерлеу арқылы кіру; - Электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдаланып авторизациядан өту – растама SMS-код арқылы жүзеге асады; - Логин мен пароль арқылы кіру – пайдаланушы ЖСН мен парольді енгізеді, ал жеке тұлғаны растау ЭЦҚ арқылы жүргізіледі. Егер пайдаланушы eGov Mobile мобильді қосымшасын белсенді қолданса, авторизация үшін оған QR кодты сканерлеу функциясы – eGov QR – ұсынылады. Логин (ЖСН) мен парольді пайдаланып авторизациядан өтудің жаңа механизмі мобильді оператор желісінің қолжетімсіз аймақтарында ыңғайлы.

## НА ПОРТАЛЕ ЭЛЕКТРОННОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА ПОЯВИЛИСЬ НОВЫЕ СПОСОБЫ АВТОРИЗАЦИИ

АО «НАЦИОНАЛЬНЫЕ ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ» (АО «НИТ») СООБЩАЕТ, ЧТО НА ПОРТАЛЕ ЭЛЕКТРОННОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА EGOV.KZ, А ТАКЖЕ НА ЕГО КОМПОНЕНТАХ (СЕРВИС EOTINISH, ПЛАТФОРМА SMART BRIDGE, ПОРТАЛ «ОТКРЫТОЕ ПРАВИТЕЛЬСТВО») ПОЯВИЛСЯ НОВЫЙ СПОСОБ АВТОРИЗАЦИИ ПОЛЬЗОВАТЕЛЕЙ.

**ТЕПЕРЬ ПОЛЬЗОВАТЕЛЯМ ДОСТУПНЫ НЕСКОЛЬКО ВАРИАНТОВ АУТЕНТИФИКАЦИИ:**

- eGov QR – вход через сканирование QR-кода в мобильном приложении eGov Mobile; - Авторизация с использованием электронной цифровой подписи (ЭЦП) – подтверждение выполняется через SMS-код; - Вход по логину и паролю – пользователь вводит ИИН и пароль, а подтверждение личности выполняется с помощью ЭЦП. Если пользователь активно использует мобильное приложение eGov Mobile для авторизации, ему рекомендуется функция сканирования QR-кода – eGov QR. Новый механизм авторизации с использованием логина (ИИН) и пароля удобен в случаях, когда пользователь находится вне зоны действия сети мобильных операторов. В этом варианте подтверждение личности через SMS-код

не требуется.

Пользователю также предоставлена возможность восстановления пароля в случае его утраты.

Система автоматически определяет доступные пользователю данные и предлагает соответствующие поля для ввода. После успешной проверки информация подтверждается с помощью ЭЦП, что завершает процесс авторизации и обеспечивает безопасный вход в личный кабинет.

Новый механизм дополняет существующие методы, расширяя перечень доступных способов аутентификации на портале. Обновление направлено на повышение безопасности, удобства использования и предоставление альтернативного способа идентификации для доступа к цифровым государственным услугам портала eGov.kz и его компонентов.

**Жайна СЕЙДАХМЕТ,**  
**Департамент корпоративных коммуникаций АО «НИТ».**

Ойыл аудандық білім бөлімінің қызметкерлері мен аудандық білім беру ұйымдарының бастауыш кәсіподақ ұйымы төрағалары аудандық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрағасы Гүлмира Сабырқызы Избағамбетоваға аяулы анасы

**Айжан Өмірғалиқызының**  
мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты отбасына, ағайын - туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1332 дана. Тапсырыс 1338 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

**Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.**

# ОЙЫЛЫМ - ЕРКЕ ӨЗЕНІМ»



Ойыл өңірінің перзенті, Ойыл ауданның құрметті азаматы, Жазушылар одағының мүшесі, ақын, сазгер Жолдыбай Айтқұловтың шығармашылығына арналған аймақтық ән байқауы өтті. Байқауды ұйымдастырушы Қалалық мәдениет сарайының директоры Нұртас Омаровтың айтуынша, өнер додасына қатысуға Ақтөбе қаласынан, Ойыл, Темір, Алға аудандарынан, Атырау облысынан үміткерлер өтініш білдірген.

— «Ойылым — ерке өзенім» аймақтық ән байқауының мақсаты — ақын, сазгер Жолдыбай Айтқұловтың әндерін насихаттау, төл өнерімізді дәріптеу, талантты жастарды қолдау және олардың шығармашылық мүмкіндігін арттыру. Байқау екі кезеңнен тұрады: бірінші кезеңде қатысушылар сазгер Жолдыбай Айтқұловтың шығармашылығынан бір туынды орындаса, екінші кезеңде еліміздің белгілі композиторларының немесе халық әндерінің бірін шығарды, — деді Н.Омаров. Қатысушылар Жолдыбай Айтқұловтың «Киелі бабам — ер Шотан», «Сәбиім — сүйкімдім», «Ойылым менің — ойдағы өлім», «Құмжарғаным», «Орамал», «Тыңдашы мені», «Елек жағасында», «Берсиевшілер маршы», «Қиылда менің қимасым», «Сәуір самалы» сынды әндерін нақышына келтіре орындады. Өсіресе Нұрмұхан Жантөрин атындағы Атырау облыстық филармониясының әншісі Мержан Қабдоловтың орындауындағы Нұрлыбек Қалауовтың сөзі-



не жазылған «Сәуір самалы» әні мен Қалалық мәдениет сарайының «Ақтөбе» вокал-ды-аспаптар ансамблінің әншісі Ернар Алтынның орындауындағы «Ойылым — ерке өзенім» әні жүректі тебірентті. Шеберлікпен орындалған шығармаларды қазылар алқасы да жоғары бағалады. Байқау талабы бойынша қатысушылар кезінде халық арасында кеңінен таралған сазгер әндерін заманауи музыкалық өңдеумен, яғни жаңа аранжировкамен жаңаша сипатта орындауы қажет еді. Барлық үміткер үдеден шықты. Өнер иелерінің орындаушылық шеберлігін қазылар алқасы құрамындағы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әнші, ұстаз Марат Әйтөмов, мәдениет саласының үздігі, ақын, композитор Орал Байсеңгір, мәдениет саласының үздігі, Қалалық мәдениет сарайының әншісі Ләззат Медетова, Қалалық мәдениет

сарайы жанындағы халықтық ұжым — «Наурыз» тобының жетекшісі, әнші Төлеген Ермеков, Ж.Айтқұловтың шәкірті, республикалық байқаулардың лауреаты, әнші Арман Төлесінов сынды өңірдің мәдениет саласының үздік өкілдері, тәжірибелі өнер майталмандары мен кәсіби мамандар бағалады. — Жолдыбай ағамыздың есімін, шығармашылығын танытайық деудің өзі ұяттау деп ойлаймын. Өйткені ол кісінің есімі мен шығармалары әлеуметтік желі жоқ заманда-ақ елге кеңінен танылған. Ақтөбе өңірінде ең көп таралған ән — осы «Ойылым менің» деген ән. Оны білмейтін қазақ кемде-кем. Жолдыбай ағамыз өте қарапайым адам болған. Ал ұлылықтың бастауы — қарапайымдылықта. Ойылды елге танытқан адам болса, ол — Жолдыбай ағамыз. «Ұлы өзен үнсіз ағады» - дейді. Ойыл, Жем, Сағыз — жай ғана ағатын, бірақ ән арқылы даңқы елге тараған өзендер. Енді біз сол Жолдыбай ағамыздың шығармашылығын одан әрі дәріптеп, насихаттауымыз керек, — дейді қазылар алқасының мүшесі Орал Байсеңгір. Байқауға Жолдыбай Айтқұловтың балалары да арнайы келді. Ұл-қыздары әке шығармашылығын дәріптеуге арналған ән мерекесіне толықтай өздері қаржылай демеушілік жасапты. Ақтөбенің ақпарат саласында ұзақ жыл еңбек еткен журналист Гаухар Айтқұлова халық арасында кеңінен таралған әндері арқылы танылған әкесі

туралы жылы естеліктерімен бөлісті. — Өкем — ешқашан марапат қумаған адам. Қоңыр мінезді, қанағатшыл, мақтан сүйейтін, қарапайым жан еді. Оның ең үлкен марапаты халықтың махаббаты болды. Өкем отбасындағы жалғыз ұл еді, атамыз Алматыда оқып жатқан ұлы ертең артист болып, елге келмей қайтыс деп уайымдап, «өкең қойды болды» деп Алматыға хабар жібереді. Өкем жүрегі ұшып, асығып жетсе, атам түйесімен аулаға кіріп келе жатыр дейді. Осы сапарында Алматыдағы республикалық «Гүлдер» ансамбліне еңбек етіп жүрген өкем ауылда, қара шаңырақта қалуды ұйғарады. Өкем алаңсыз шығармашылықпен айналысуы үшін тірліктің барлық ауыртпалығын анам өз мойнына алды, балаларды тәрбиелеу, қарт әке-шешеге қарау, үй тірлігі — барлығы анамның мойнында еді. Өкемнің қолына алған ең ауыр заты қалам

болған шығар. Біз отбасында алты баламыз. Өкінішке қарай, анам ерте — 59 жасында дүниеден өтті. Барлығымызды аяқтандырып кетті. Бүгінде екі ұл, төрт қыз — бәріміз түрлі салада қызмет етіп жүрміз, — дейді ол. Жолдыбай Айтқұлов бала кезден өнерге жақын болған, өлең, ән жазып, бірнеше музыка аспабын шебер мең-



герген. Орта мектеп бітіргеннен кейін Алматыдағы республикалық эстрада-цирк студиясында, «Қазақфильм» жанындағы кешкі актерлік шеберхананың дубляж цехында білім алады. Елімізде тұңғыш құрылған республикалық «Гүлдер» ансамбліне, қазіргі Жамбыл облысындағы «Жас толқын» эстрадалық ансамбліне артист-орындаушы болып қызмет атқарады. Отбасы жағдайына байланысты Алматы консерваториясының кешкі бөліміндегі, Шымкенттің Өл-Фараби атындағы мәдени-педагогика институтындағы оқуын аяқтап алмаған ол кейін Ақтөбе педагогика училищесін, Қ.Жұбанов атындағы педагогикалық институтын бітіреді. — Өкем туған жеріне көп еңбек сіңірді, ауылда музыка мектебін ашуға атсалысты. Ойыл музыка мектебінің филиалында шәкірттерге домбырадан сабақ берді. Оған қоса бірнеше мектепте үйірмелерде балаларға өнер үйретті. Ауылда, ауданда ұлт аспаптар оркестрінің құрылуына ұйытқы болды. Берсеевте де, Қараталда да балаларға арналған музыка мектептерінің дамуына үлес қосты. Мектепте ұстаздық етті, ауылда тұрса да, түрлі деңгейдегі өнер байқауларына қатысып, жүлде алды. Өкем — елуден аса ән-күйдің, сахналық қойылымдардың авторы. «Ой-

ылым — ерке өзенім» әні 1980 жылы Алматы қаласында өткен республикалық әуесқой сазгерлер конкурсында жүлде алып, Қазақ радиосының алтын қорына жазылды, — дейді Гаухар Айтқұлова.

Байқаудың екінші кезеңінде қатысушылар Қазақстан композиторларының, халық әндерін орындады. Көрермен «Екі жирен», «Ақ Жайық», «Айқаракөз», т.б. әндерді тыңдап, бір жасап қалды. Қатысушылардың ешқайсысы да жүлдесіз кетпеді. Ж.Айтқұловтың шығармашылығына арналған ән байқауында бас жүлде және 500 мың теңге көлеміндегі қаржылай сыйақы Атырау облысынан келген Мержан Қабдоловқа бұйырды. Бірінші орын және 300 мың теңгелік жүлде ақтөбелік Ернар Алтынновқа берілді. Екінші жүлде және 200 мың теңге көлеміндегі қаржылай сыйақыға Темір ауданынан келген Әкімжан Шәкіров пен Атырау облысы Индер ауданынан келген Мұратбек Жұмашевтың өнері лайық деп танылды. Ақтөбелік Сағит Ерланұлы мен Ермек Теңелбаев үшінші орын алып, қанжығасына 150 мың теңгелік жүлдені байлады. Ешбір адам сыйсыз кеткен жоқ. Жалпы жүлде қоры — 2 миллион

теңге қатысушыларға түгел таратылды. Қаржылай демеушілік көрсеткен Айтқұловтар отбасы әрбір қатысушыға деген алғысын осылай жеткізді. — Қатысушылардың барлығы да өте жоғары деңгейде дайындықпен келіпті. Өкем тірі болғанда, осы жаңа өңдеудегі өз әнін тыңдағанда риза болар еді деп ойладым. Әр әнші әкемнің бір-бір әнін орындап, өз репертуарына қосты. Яғни әкемнің әндерінің «екінші ғұмыры» басталды. Енді әншілердің жүрген жерінде әкемнің әні орындалатын болады. Біздің де мақсатымыз осы еді. Болашақта бұл байқауды екі жыл сайын жалғастырсақ деген ой бар. Оны уақыт көрсетеді. Бастысы, әкеміздің әндері халық жадынан өшпесін деген ниет. Өкеміз Ойыл өңіріне көп еңбек сіңірді, аудан тұрғындары тарапынан көшеге не Мәдениет үйіне есімі берілсе деген тілегі бар, әрине, халықтың мұндай бастамасын отбасымызбен қуана қолдар едік. Өкем — Ойылдың тарихын, мәдениетін, тау-тасын, өзен-көлін жырына қосып кеткен жан. Біз қазір оның мұрасын жинақтап, реттеп, дайындап жатырмыз. Уақыты келгенде бәрі жарық көреді, — дейді Г.Айтқұлова. Ол осы байқауды жоғары деңгейде өткізуге мұрындық болған Қалалық мәдениет сарайы ұжымына, бай-

қауға жоғары дайындықпен келген қатысушыларға және әділ бағасын берген қазылар алқасына Айтқұловтар атынан алғысын білдірді.

Мейрамгүл РАХАТҚЫЗЫ.

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

### ГОНКОНГ ТҰМАУЫ ТУРАЛЫ РЕСМИ ТҮСІНІКТЕМЕ БЕРДІ

Жыл сайын Қазақстанда ЖР-ВИ-мен 3-4 млн адам, ал тұмаумен 2 мың адам ауырады. Ағымдағы эпидемиологиялық маусым басталғаннан бері елде ЖРВИ-дің 1,5 млн жағдайы тіркелді. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда бұл көрсеткіш 20%-ға төмен. Бұл туралы ОКҚ алаңында өткен баспасөз мәслихатында ҚР денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтанғазиев мәлімдеді. 14 жасқа дейінгі балалар арасында 1 миллионға жуық жағдай тіркелген. Эпидемиологиялық маусым басталғаннан бері тұмаудың 590 жағдайы зертханалық тұрғыдан расталды. Сондай-ақ А типті тұмаудың 587 жағдайы тіркелді. Жақында әлеуметтік желілерде Гонконг деп аталатын вирустың таралуы туралы қауесеттер белсенді түрде таралуда, бұл халық арасында тұмаудың жаңа ерекше штаммының пайда болуы туралы қате ой туғызады. Осыған байланысты ресми түсініктеме бергім келеді: көбінесе Гонконг деп аталатын А (H3N2) тұмауы жаңа вирус емес. Ол алғаш рет 1968 жылы анықталды. Сол кезден бастап ол әлем бойынша үнемі айналымда болды. Қазақстан Республикасының аумағында бұл вирус көп жыл бойы бар. Оны

мерзімді тіркеу маусымдық эпидемиологиялық процестің бір бөлігі болып табылады», — деп түсіндірді спикер. ҚР денсаулық сақтау бірінші вице-министрінің айтуынша, ағымдағы жылы тұмау айналымы қазан айының бірінші жартысында басталды. Яғни, өткен жылғы эпидемиологиялық маусымнан сәл ертерек. Бұрын Қазақстан аумағында айналымда болмаған тұмаудың жаңа түрлері анықталған жоқ. Тимур Сұлтанғазиев анықталған вирустар ағымдағы маусымның вакцина штаммдарына толық сәйкес келетіндігін, бұл вакциналауды аурудың күрделі түрлерінің алдын алуда ерекше өзекті және тиімді ететіндігін атап өтті. Бүгінде елімізде тұмауға қарсы 2,1 млн. адам екпе алды. Сонымен қатар Денсаулық сақтау министрлігі тұмауға қатысы жоқ вирустардың айналымына мониторинг жүргізуде. Жалпы ел бойынша 3 мыңнан астам үлгі зерттелді. Нәтижесінде түрлі вирустың, соның ішінде риновирус, парогрипп, аденовирус, боковир, коронавирус, РС вирусының айналымы анықталды. «Жалпы ЖРВИ-мен ауыратындардың 66%-ы — балалар, 34%-ы — ересектер. Соңғы аптада елде ЖРВИ-дің 183 мың жағдайы тіркелді.

## ТҰМАУ (ГРИПП) – ВИРУСТАРДАН ТУЫНДАЙТЫН, ТЕЗ ТАРАЛАТЫН ТЫНЫС ЖОЛДАРЫНЫҢ ЖЕДЕЛ ИНФЕКЦИЯСЫ. ӨСІРЕСЕ КҮЗ-ҚЫС АЙЛАРЫНДА ЖИІ КЕЗДЕСЕДІ. ОЛ ӨСІРЕСЕ БАЛАЛАР, ҚАРТТАР, ИММУНИТЕТІ ӨЛСІРЕГЕН АДАМДАР ҮШІН ҚАҰІПТІРЕК.



**Тұмау вирусы ауа арқылы өте тез таралады:**  
- жөтелгенде, түшкіргенде;  
- бір бөлмеде ұзақ бірге болғанда;  
- ортақ заттар (ыдыс-аяқ, ойыншық, есік тұтқасы) арқылы. Вирус адам ағзасына мұрын, тамақ, көздің шырышты қабығы арқылы енеді. Инфекцияның жасырын кезеңі — 1–3 күн.  
**Тұмаудың негізгі белгілері:**  
- дене қызуының 38–40°C-қа дейін көтерілуі,  
- қалтырау,  
- тамақтың ауыруы,  
- құрғақ жөтел,  
- бас ауруы, дене сырқырау,  
- әлсіздік, төбетінің төмендеуі,  
- балаларда — құсу, іш өтуі де қосылуы мүмкін.  
Тұмауды жай суық тиюден ажырату маңызды: тұмау кенет басталады, температура бірден көтеріледі. Қандай асқынулар болуы мүмкін?  
**Дұрыс емделмесе немесе иммунитет өлсіресе:**  
- пневмония,  
- отит,  
- бронхит,  
- синусит,  
- жүрек бұлшықетінің қабынуы (миокардит),  
- менингит сияқты қауіпті асқынулар дамуы мүмкін. Балалар мен қарттарда асқыну қаупі өте жоғары.  
Тұмаудың профилактикасы (алдын алу шаралары)  
1. Ең тиімді жол — вакцинация. Тұмауға қарсы екпе жыл сайын күзде (қыркүйек–қараша) жасалады. Иммунитет 6–12 айға жетеді.

**Өсіресе мына топтарға міндетті түрде ұсынылады:**  
- Балалар,  
- жүкті әйелдер,  
- астма, қант диабеті, жүрек ауруы бар адамдар,  
- медицина қызметкерлері,  
- қарттар,  
Екпе аурудың ауыр өтуін айтарлықтай азайтады.  
2. Иммунитетті күшейту үшін:  
- дәруменге бай тағам -

көкөніс, жеміс, ақуыз,  
- жеткілікті ұйқы — 7–8 сағат,  
- таза ауада жүру,  
- стресс пен шаршауды азайту,  
D дәруменінің жеткілікті болуы (дәрігер кеңесімен).  
3. Тыныс жолдарын қорғау үшін:  
- адам көп жиналатын жерде маска тағу,  
- бөлмелерді жиі желдету,  
- ауа ылғалдылығын 40–60% деңгейінде ұстау,  
- тамақты, мұрынды құрғатып жібермейтіндей су ішу.  
4. Гигиена ережелері:  
- қолды сабындап жиі жуу — 20 секунд,  
- антисептик қолдану,  
- жеке сүлгі, ыдыс пайдалану,  
- жөтелгенде ауыз-мұрынды жабу,  
- ауру адаммен жақын араласпау.  
5. Науқаспен бір бөлмеде болсаңыз:  
- 1–2 метр қашықтық сақтау,  
- бөлмені күніне 3–4 рет желдету,  
- маска қолдану,  
- иммунитетті нығайтатын жылы сусындар ішіп жүру.  
**Егер тұмау белгілері басталса...**  
1. Үйде қалып, демалыңыз — вирус таралмайды және ағзаңыз тезірек қалпына келеді.  
2. Көп су ішіңіз.  
3. Температура 38,5°C-тан жоғары болса — қызу түсіретін дәрі (парацетамол, ибупрофен).  
4. Антибиотиктер тұмауға әсер етпейді! Тек дәрігер белгілегенде ғана қабылданады.  
5. Тұмау — жеңіл ауру емес. Алдын алу шаралары дұрыс жасалса, ауруды болдырмауға немесе жеңіл өткізуге болады. Вакцинация, иммунитетті нығайту және қарапайым гигиена — тұмаудан қорғандың ең тиімді жолдары.

Гүлнұр ЖҰМАҒАЛИЕВА,  
Ойыл аудандық ауруханасының салауатты өмір салты дәрігері.